

Биологиялық қорғауды қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 қарашадағы № ҚР ДСМ-125 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 3 қарашада № 30388 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрық 24.11.2022 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 9) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған Биологиялық қорғауды қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2022 жылғы 24 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі*

А. Ғиният

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 2 қарашадағы
№ ҚР ДСМ-125 бұйрығымен
бекітілген

Биологиялық қорғауды қамтамасыз ету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы биологиялық қорғауды қамтамасыз ету осы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 9) тармақшасына сәйкес әзірленген және биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылды:

1) биологиялық қауіпсіздік саласындағы авариялық жағдай – ықтимал қауіпті биологиялық объектіде (бұдан әрі – ЫҚБО) патогенді биологиялық агенттермен (бұдан әрі – ПБА) жұмыс істеу кезінде пайда болған, өндірістік аймақтың ауасына, қоршаған ортаға ПБА-ның енуінің немесе оны адамның, жануарлардың және өсімдіктердің жұқтыруының нақты немесе ықтимал мүмкіндігін тудырған жағдай;

2) микробиологиялық зертхана – құрамында ПБА және (немесе) олардың фрагменттері бар заттар мен материалдарды іріктеуді және зерттеуді қоса алғанда, ПБА-мен жұмыс істеуге арналған арнайы жабдықталған үй-жайлары бар ықтимал қауіпті биологиялық объект;

3) биологиялық қауіпсіздік боксы (бұдан әрі – БҚБ) – бақыланатын жұмыс аймағында бір бағытты ауа ағынын жасау, айналымдағы ауаны қалқыма шаң тәрізді және аэрозольді бөлшектерден тазарту және зарарсыздандыру, сондай-ақ ПБА-мен қауіпсіз жұмыс жағдайларын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын жабдық;

4) боксталған үй-жай – ПБА-мен жұмыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тиісті түрде жабдықталған, оқшауланған үй-жай;

5) боксқа кіреберіс (шлюз) - боксталған үй-жайды көрші үй-жайлардан бөлуге пайдаланылатын үй-жай;

6) виварий – зертханалық жануарлардың әртүрлі түрлері кейіннен зерттеу (эксперименттік, сынақ) және диагностикалық жұмыстар жүргізу үшін, сондай-ақ өндірістік мұқтаждар үшін бере отырып, ұсталатын және көбейтілетін ЫҚБО бөлімшесі;

7) "жұқпалы" аймақ – ПБА-мен жұмыс істеу жүзеге асырылатын микробиологиялық зертхана үй-жайларының тобы;

8) инсектарий – жәндіктерді кейіннен зерттеу (эксперименттік, сынақ) және диагностикалық жұмыстар жүргізу үшін, сондай-ақ өндірістік мұқтаждар үшін бере отырып, оларды ұстауға, өсіруге немесе көбейтуге арналған ЫҚБО бөлімшесі;

9) бақылау-өткізу пункті (бұдан әрі – БӨП) – адамдар мен көлік құралдарын бақылауды, өткізуді, тексеріп-қарауды қамтамасыз етуге арналған, арнайы жабдықталған орын;

10) өткізу режимі – адамдар мен көлік құралдарына рұқсат беру, оларды ЫҚБО-ға жылжыту тәртібін айқындайтын, сондай-ақ материалдық құндылықтар мен мүлікті объектіден объектіге жылжыту (кіргізу, шығару, әкелу, әкету) тәртібін регламенттейтін, ЫҚБО-ны физикалық қорғауды қамтамасыз ететін қоршау құрылыс

конструкцияларын (тосқауылдарын) және БӨП-ті көздейтін қағидалардың, іс-шаралар мен рәсімдердің жиынтығы;

11) "таза" аймақ – құрамында ПБА және (немесе) олардың фрагменттері бар заттар мен материалдар түспеуі тиіс микробиологиялық зертхана үй-жайларының тобы.

3. Осы Қағидалар ведомстволық тиесілігіне және меншік нысанына қарамастан, ықтимал қауіпті биологиялық объектілерде (бұдан әрі – микробиологиялық зертхана) патогенді биологиялық агенттерді зерттеу мақсатында олармен жұмыс істеуге қолданылады.

4. Биологиялық қорғауды қамтамасыз ету тәртібі объектінің құрылысына жер учаскесін таңдау, микробиологиялық зертханаларды жобалау, пайдалану, реконструкциялау, жөндеу тәртібін, микробиологиялық зертханаларда сумен жабдықтау, суды бұру, жылумен жабдықтау, жарықтандыру, желдету, ауа баптау, оларда жұмыс істеу және дезинфекциялау тәртібін, авариялар кезінде биологиялық қорғауды қамтамасыз ету тәртібін, заттар мен материалдарды сақтау және тасымалдау тәртібін көздейді.

2-тарау. Биологиялық қорғауды қамтамасыз ету тәртібі

1-параграф. Объекті құрылысына жер учаскесін таңдау, микробиологиялық зертханаларды жобалау, пайдалану, реконструкциялау, жөндеу кезінде биологиялық қорғауды қамтамасыз ету тәртібі

5. Объектілер құрылысына жер учаскесін таңдау кезінде мынадай:

- 1) бұрын мал қорымына пайдаланылған және уытты қалдықтарды көму орындары;
- 2) күйдіргі бойынша стационарлық қолайсыз елді мекеннің жер учаскелері пайдаланылмайды.

6. Объектілердің құрылысына жер учаскесін таңдау кезінде алаң "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-16) тармақшасына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтердің (бұдан әрі – сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер) талаптарына сәйкес айқындалады.

7. Микробиологиялық зертхана ғимараты дербес жер учаскелерінде немесе құрамына кіретін ұйымның жер учаскесінде орналасады.

8. Микробиологиялық зертханалар дербес ғимаратта, зерттеуге арналған заттар мен материалдарды қабылдауға арналған жеке кіретін есігі бар бейінді ұйымдардың жапсарлас-жанастыра салынған өндірістік үй-жайларында, зерттеуге арналған заттар мен материалдарды қабылдауға арналған жеке кіретін есігі болған кезде ұйымдардың өндірістік бейінді ғимараттарының жеке қабаттарында орналастырылады.

9. Объектілерді жобалау кезінде үй-жайлардың алаңы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес жобалауға арналған тапсырмамен айқындалады. Микробиологиялық зертханалардың үй-жайлары осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес орналастырылады.

10. Микробиологиялық зерттеулерді орындайтын микробиологиялық зертханаларда : қызметкерлерге арналған және зерттеуге заттар мен материалдарды қабылдауға арналған санитариялық өткізгіші бар кемінде екі кіретін есігі болады.

Қосымша зерттеуге арналған заттар мен материалды беру терезесі арқылы алуға жол беріледі.

Зертханалық зерттеулердің әртүрлі түрлерін орындайтын микробиологиялық зертханалар үшін материалды қабылдауға, тіркеуге және оны бастапқы өңдеуге арналған бір бөлменің болуына жол беріледі.

11. Сыртқы қоршауда жабылмайтын есіктер, қақпалар, есікшелер, сондай-ақ ойылған, зақымданған жерлер қолданылмайды.

12. Аумақ қоршауының периметрі бойынша жарық орнатылады.

13. Микробиологиялық зертханалардың терезе ойықтары, бірінші қабатының витриналары мынадай параметрлердің біріне балама берік болады:

1) қарапайым әйнектелген, қалыңдығы кемінде 1 миллиметр болат табақтан жасалған рольставнялармен қосымша қорғалған терезелер;

2) қарапайым әйнектелген, металл торлармен (құлпы бар жылжымалы немесе айқара ашылатын) немесе тиісті берік жалюздермен қосымша қорғалған терезелер;

3) 9,5 метр және одан жоғары биіктіктен лақтырылған, салмағы 4 килограмм болат шардың 3 соққысына төтеп бере алатын, жалғыз соққыға төзімді қорғаныш әйнегі бар арнайы конструкцияның терезелері.

14. Микробиологиялық зертханалар үй-жайларының конструктивті сәулет-жоспарлау орындалуы болады және жиынтығында кіруден қорғауды қамтамасыз ететін техникалық қауіпсіздік жүйелерімен жарақталады.

15. Улы заттармен жұмыс жеке үй-жайларда (бөлмелерде) немесе жеке сору шкафында жүргізіледі.

16. Боксталған үй-жайдың терезелері, есіктері мықтап жабылады. Желкөздер жәндіктерден тормен қорғалады. Боксталған үй-жайлар мен боксқа кіреберістердің (шлюздердің) есіктерінде көрінетін терезелер болады.

17. Микробиологиялық зертханалардың үй-жайларын жоспарлау таза және жұқпалы ағындардың қиылысуын болдырмайды. Кіретін есігінде микробиологиялық зертхананың атауы және "Биологиялық қауіп" белгісі белгіленеді. Үй-жайлардың есіктеріне олардың мақсаты көрсетілген тақтайшалар ілінеді.

18. Микробиологиялық зертханада материал алуға арналған пункт болған кезде персонал мен тексерілетін адамдар үшін бөлек дәретханалар көзделеді.

19. Зертханалық үй-жайлардағы еденнің, қабырғалардың, төбенің беті тегіс, саңылаусыз, оңай өңделетін, жуу және дезинфекциялық құралдардың әсеріне төзімді болады, тайғақ еден қолданылмайды.

20. ПБА-мен жұмыс істеуге арналған "жұқпалы" үй-жайлар едені жабындарының шеттері көтерілген болады. Траптар болған кезде еденнің еңісі болады.

21. От қауіпті және жарылыс қауіпті заттармен жұмыс жүргізілетін үй-жайларда екі шығатын жер көзделеді.

22. Микробиологиялық зертханаларды реконструкциялау және жөндеу кезінде осы Қағидалардың жоғарыда көрсетілген тармақтары сақталады.

23. Патогендігі I-II топтағы ПБА-мен жұмыс істеу бойынша эксперименттік, диагностикалық және өндірістік жұмыстар жүргізумен, оның ішінде оларды сақтаумен айналысатын объектілерде өткізу режимі белгіленеді.

24. 2-сыныпты БҚБ-да патогендігі I-IV топтағы ПБА-мен тек ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілетін микробиологиялық зертханалар үшін аспалы төбелерді пайдалануға жол беріледі.

2-параграф. Микробиологиялық зертханаларда сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтау, жарықтандыру, желдету, ауа баптау кезінде биологиялық қорғауды қамтамасыз ету тәртібі

25. Микробиологиялық зертханаларда ауыз сумен және (немесе) шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жарамды күйде көзделеді.

26. Орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі болмаған кезде ішкі су құбыры мен су бұру құрылғысы бар жергілікті ауыз су мақсатындағы көздердің суы пайдаланылады.

27. Микробиологиялық зертханада персоналдың қолын жууға арналған раковиналар және араластырғыш арқылы суық және ыстық су келтірілген ыдыстар мен мүкәммалды жууға арналған раковиналар немесе ванналар жабдықталады.

28. Микробиологиялық зертханаларды кәрізделмеген және ішінара кәрізделген жерде орналастыру кезінде жергілікті кәріз құрылғысы (септик) көзделеді. Саркынды суларды қабылдау объекті аумағының шаруашылық аймағында орналасқан, гидравликалық ысырмалары (сифондары) бар қақпақтармен жаратқандырылған, жалпы немесе бөлек жерасты су өткізбейтін сыйымдылықтарға жүзеге асырылады, оларға қатысты тазалау уақтылы жүргізіледі.

29. Орталықтандырылған жылумен жабдықтау көзі болмаған жағдайда сұйық, қатты, газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін автономды қазандық көзделеді.

30. Үй-жайларды табиғи және жасанды жарықтандыру сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтерге сәйкес айқындалады.

31. Жұмыс үй-жайлары дезинфектанттарға төзімді материалдан жасалған жарықтан қорғау құрылғыларын пайдалану жолымен жұмыс үстелдері мен оптиканы күн сәулесінің тікелей түсуінен қорғаумен қамтамасыз етіледі.

32. Люминесцентті микроскоппен жұмыс жүргізілетін үй-жайда, фото бөлмеде, себезгі бөлмелерінде табиғи жарық көзделмейді. Қойма үй-жайларындағы терезелер металл торлармен жабдықталады.

33. Микробиологиялық зертхана жасанды іске қосылатын сору-сыртқа тарату желдеткішімен және сыртқа тарату шкафтарынан ауаны соруға арналған жеке (автономды) желдету құрылғыларымен жабдықталады.

34. Сору шкафтары мен БҚБ желдеткіштерінің ажыратқыштары оларға жақын, сору шкафтарында және БҚБ-да орналасқан аспаптарды қосуға арналған розеткалар – сыртқы панельде, газ крандары – алдыңғы борттарда, штепсельдік розеткалар – сору шкафынан немесе БҚБ-дан тыс жұмыс үстелінің бүйір жағында орналасады.

35. Сору шкафтарының жармалары (есіктері) жұмыс кезінде төменде кішкене саңылаумен жабылады. Көтерілген жармалар олардың құлауын болдырмайтын құралдармен мықтап бекітіледі.

36. Микробиологиялық зертханаларда "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 94-бабының 2-тармағына және 95-бабына сәйкес белгіленген санитариялық қағидалардың, гигиеналық нормативтердің (бұдан әрі – нормалау құжаттары) талаптарына сәйкес оңтайлы микроклиматтық жағдайлар (температура, ауа қозғалысының жылдамдығы және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы) жасалады.

37. Микробиологиялық зертханаларда жазғы кезеңде ауа баптағыштар пайдаланылады. Жұқпалы материалмен жұмыс кезінде ауа баптағыш өшіріледі. Ауа баптағыштардың сүзгіш элементтері мерзімді түрде (жылына кемінде 1 рет) механикалық бөлшектерден тазартылады және дезинфекцияланады. Микробиологиялық зертханаларда дезарларды пайдалануға жол беріледі.

38. Патогендігі I-II топтағы ПБА-мен жұмыс істеуді жүзеге асыратын микробиологиялық зертханаларды кәрізделмеген және ішінара кәрізделген жерде орналастырған кезде кемінде екі септик мөлшерінде жергілікті кәріз құрылғысы көзделеді.

39. Патогендігі I-II топтағы ПБА-мен жұмыс істеуді жүзеге асыратын микробиологиялық зертхананың жұқпалы аймағының үй-жайлары жасанды іске қосылатын сору-сыртқа тарату желдеткішімен және шыға берісте ұсақ тазалау сүзгілерімен жабдықталады.

40. Патогендігі III-IV топтағы ПБА-мен жұмыс істеуді жүзеге асыратын микробиологиялық зертханалар жасанды іске қосылатын ішке сору-сыртқа тарату

желдеткішімен жабдықталады. Аудандық деңгейдегі патогендігі III-IV топтағы ПБА-мен жұмыс істеуді жүзеге асыратын микробиологиялық зертханалар үшін механикалық іске қосылатын желдеткішпен жабдықталады.

3-параграф. Микробиологиялық зертханаларда биологиялық қорғауды қамтамасыз ету кезінде биологиялық қорғауды қамтамасыз ету тәртібі

41. Меншік нысанына қарамастан микробиологиялық зертханалар тиісті рұқсаты және оған қосымша болған кезде ПБА-мен жұмыс істеуді жүзеге асырады.

Аса қауіпті инфекциялық ауруларды тудыратын патогендігі I және (немесе) II топтағы ПБА-мен және (немесе) оларды жұқтыруға күдікті биологиялық материалмен жұмыс істейтін субъектілердің персоналы және өндірістік қызмет түрі бойынша егілетін адамның хабардар етілген келісімі алынғаннан кейін вакцинациялауға жатады.

42. Жұмысқа түсер кезінде персонал "Жұмыскерлерді, басшылар мен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқау беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12665 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығына сәйкес қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы мәселелер жөніндегі нұсқама жүргізіледі.

Көмекші персонал жұмысқа тұрған кезде ПБА-мен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектінің ішкі ережелеріне сәйкес биологиялық қауіпсіздік жөнінде нұсқама жүргізіледі.

43. Инфекциялық және (немесе) паразиттік ауруларды тудыратын патогендігі II топтағы қоздырғыштардың детекциясы бойынша антигендерді (қоздырғыштың жинақталуынсыз), антиденелерді иммунологиялық және молекулалық-генетикалық әдістермен (қоздырғыштың жинақталуынсыз) анықтау бойынша адамдардың клиникалық материалын зерттеуді патогендігі III-IV топтағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсаты бар микробиологиялық зертханаларда жүргізуге жол беріледі.

44. Микробиологиялық зертханалар нормалау құжаттарында көрсетілген зерттеулердің сапасын бақылау жүйесіне сәйкес келеді.

45. Зертхана үй-жайларында:

- 1) қорғаныш костюмсіз жұмыс істемейді;
- 2) жұмысты желдеткіш ақаулы болғанда жүргізбейді;
- 3) реактивтерді заттаңбасыз сақтамайды және қолданбайды;
- 4) жұмыс орындарында және стеллаждарда прекурсорлар, улы, өрт-жарылыс қаупі бар заттар мен ерітінділердің қорын сақтамайды.

46. Қысымдағы баллондардағы газ тәрізді заттармен жұмыс кезінде мынадай шарттар сақталады:

- 1) баллон вентилін жылдам ашпау;
- 2) оларды жұмыс үй-жайында сақтамау.

47. Сору шкафтарының жармалары (есіктері) жұмыс кезінде жабылады, көтерілген жармалар құралдармен мықтап бекітіледі.

48. Тез тұтанатын сұйықтықтарды 100 Цельсий градусқа (бұдан әрі - °C) дейін қыздыру су моншаларында, 100°C жоғары – май моншаларында жүргізіледі.

49. Ішінде химиялық заттар бар ыдыстар кептелген шыны тығындармен, сілтілер бар ыдыстар – бұралатын қақпақтармен жабылады.

50. Сұйықтықтарды құю кезінде (құрамында инфекциялық аурулардың қоздырғыштары бар сұйықтықтардан басқа) құйғыш пайдаланылады.

51. Барлық боксталған үй-жайларда боксқа кіреберіс (шлюз) болады, онда айна, қол жууға арналған раковиналар (қол жуғыштар) орнатылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігі патогендігі III-IV топтардағы ПБА-мен жұмыс істеуді жүзеге асыратын микробиологиялық зертханаларда боксталған үй-жайда II сыныптағы БҚБ және желдеткіштің сору жүйесі бар болған кезде қолданылады. Қол жууға арналған раковина (қол жуғыш) полимераздық тізбекті реакциямен зерттеуді (бұдан әрі – ПТР зерттеу) қоспағанда, боксталған үй-жайға кіреберісте орнатылады.

Патогендігі III-IV топтардағы ПБА-мен жұмыс істеуді жүзеге асыратын микробиологиялық зертханаларда қол жууға арналған раковина (қол жуғыштар) болмаған кезде тері антисептиктері және дезинфекциялық ерітінділері пайдаланылады.

52. Қолды жуу диспенсерден сұйық сабын беру арқылы жүзеге асырылады және қолды кептіру бір рет қолданылатын қағаз сүлгілермен жүзеге асырылады.

53. Микробиологиялық зертханалар шұғыл көмек көрсету жағдайына және авария жағдайына дәрі қобдишаларымен қамтамасыз етіледі. Ботулиндік уыттармен жұмыс жүргізу кезінде микробиологиялық зертханаларда уытқа қарсы сарысулар болады.

54. Патогендігі I-II топтардағы ПБА-ны жұқтырған немесе жұқтыруы ықтимал материалмен жұмыс жүргізуге арналған микробиологиялық зертхананың "жұқпалы" және "таза" аймақтары болады.

55. Микробиологиялық зертханалар үй-жайлары осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес келеді.

56. Патогендігі I топтағы вирустармен жұмыс өзара байланысатын боксталған үй-жайлар боксқа кіреберіс (шлюз) жүйесімен жабдықталған (есік, беру терезесі) арнайы мақсаттағы микробиологиялық зертханаларда жүргізіледі. "Жұқпалы" аймақтың үй-жайында есіктері автоматты бұғатталатын өтпе автоклав орнатылады.

57. Аса қауіпті инфекциялық аурулар тудыратын патогендігі I-II топтардағы ПБА-мен жұмыс жүргізу кезінде материалға байланысты мыналар сақталады:

1) буынаяқтылармен жұмыс істеу кезінде қолданылатын зертханалық ыдыстар зарарсыздандырылады, қалдықтарға дезинфекциялық ерітінді құйылады немесе өртеледі. Құралдар қайнатылады немесе отпен күйдіріледі. Бөз қаптар сулы-сабынды ерітіндіде 30 минут бойы қайнату арқылы зарарсыздандырылады;

2) жыртқыш құстар мен жануарлардың экскременттерін талдау оларды 1% формалин ерітіндісінде 12-18 сағат ұстағаннан кейін жүргізіледі;

3) жәндіктер мен кенелер олардың таралуын болдырмайтын торларда немесе банкаларда арнайы үй-жайда (инсектарийде) ұсталады. Инсектарийді толықтыру үшін алынған бүргелер қан ішпеген дарақтар пайда болғанға дейін бөлек банкаларда сақталады;

4) жұмыс аяқталғаннан кейін жұмыс үстелдері дезинфекциялық ерітіндімен, қол - 70 этил спиртімен өңделеді;

5) ауру жұқтырған жануарлармен жұмыс жүргізілетін үй-жайға кіреберісте (есіктің түбінде) биіктігі 30 сантиметр (бұдан әрі – см) табалдырықтар орнатылады;

6) боксталған үй-жайлардың есіктерінде дезинфекциялық ерітіндіге малынған кілемшелер қойылады;

7) зертханалық үй-жайлардың герметикалығы;

8) патогендігі I топтың қоздырғыштарын жұқтыруы ықтимал материалмен жұмыс істейтін адамдарға жұмыс күнінің соңында дене температурасының термометриясы жүргізіледі;

9) патогендігі I-II топтардағы микроорганизмдерді жұқтыруы ықтимал материалмен залалданған жануарлар басқа жануарлардан бөлек ұсталады;

10) адамдардан, кеміргіштерден, эктопаразиттерден алынған биологиялық материалды, сыртқы ортаның, жұқпалы жануарлардың сынамаларын қабылдауға және бастапқы өңдеуге байланысты барлық жұмыстар және оларды патогендігі I-II топтағы қоздырғыштарға зерттеу I-II типті қорғаныш костюмін пайдалана отырып, "жұқпалы" блокта жүргізіледі;

11) сап және мелиоидоз қоздырғыштарымен зерттеулер I типті қорғаныш костюмінде жүргізіледі;

12) микробиологиялық зертхананың "жұқпалы" аймағынан қорғаныш киіммен шығуға және жұқпалы немесе жұқтыруы ықтимал материалмен жұмыс істеу кезеңінде қызметкерді "жұқпалы" аймақтан шақыруға тыйым салынады;

13) күйдіргі қоздырғышымен жұмыс істеу кезінде зерттеу аяқталғаннан кейін осы қоздырғыштың себілуіне үй-жайдан және жабдықтардан шайындылар алу жүргізіледі, зарарсыздандыру Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасында белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралмен жүргізіледі.

Егер жұқпалы жануарлар жеке желдетілетін торлар кешендерінде (микрзоляторлар) ұсталатын болса, осы тармақтың 5) тармақшасы қолданылмайды.

58. Зерттелетін материалды микробиологиялық зертхананың бір аймағынан екіншісіне ауыстыру герметикалық жабық металл ыдыста (биксте, бакта, контейнерде) жүзеге асырылады. Сұйық материалдары бар сыйымдылықтар тасымалдау кезінде ішіндегісінің төгілуін болдырмайтын тығындармен жабылады. Материалды ашқан кезде бикстер, контейнерлер мен түтікшелер дезинфекциялық құралмен өңделеді және химиялық және дезинфекциялық құралдарға төзімді табақтарға қойылады.

59. Зертханалық материалды түтікшелерде, шыныаяқтарда, сауыттарда себу кезінде материалдың атауы, талдау нөмірі, себу күні және тіркеу нөмірі жазылған жазбалар көрсетіледі.

60. Құрамында инфекциялық аурулардың қоздырғыштары бар сұйық орталармен жұмыс жасау алдында жұмыс бетіне дезинфекциялық ерітінді бар кювет немесе дезинфекциялық ерітіндіге батырылған дәке сулық қойылады. Жұмысты автоматты тамшуырдың (дозатордың), бір рет қолданылатын немесе көп рет қолданылатын стерильді тамшуырдың көмегімен жүргізеді. Ауыстырылатын немесе дезинфекцияланатын сүзгілері бар автоматты тамшуырлар пайдаланылады. Сұйық ортада патогендігі I-II топтардағы микроорганизмдермен жұмыс істеу кезінде жұмыс тек БҚБ-да жүргізіледі және сүзгілері бар ұштықтар пайдаланылады.

Пайдалану алдында ыдыстар, тамшуырлар, жабдықтар, шприцтердің бүтіндігі мен жарамдылығы тексеріледі.

61. Микробиологиялық зертханаларда:

1) бір уақытта инфекциялық материалды зерттеу жүргізілетін үй-жайда тірі вакциналармен жұмыс істемейді;

2) микробиологиялық зертханада зерттелетін микроорганизмдер сезімтал дәрілік препараттар болмаған кезде вирулентті антибиотикке төзімді микроорганизмдермен эксперименттік жұмыстар жүргізбейді;

3) жанып тұрған жанарғылар мен қыздырғыш аспаптарды қараусыз қалдырмайды;

4) крандары жарамсыз жанарғыларда жұмыс істемейді және тұтанғыш заттарды оларға жақын ұстамайды;

5) жанып тұрған жанарғылар және электр қыздырғыш аспаптары қосылған кезде отқа қауіпті төгілген заттарды жинамайды;

6) жұмыс кезінде боксталған үй-жай есігін ашпайды;

7) жұмыс аяқталғаннан кейін жұмыс үстелдерінде бекітілмеген жағындыларды, инфекциялық материалы бар зертханалық ыдысты қалдырмайды.

62. Істен шыққан материал (жұмыс себінділері, науқастардан алынған биологиялық материал, кеміргіштердің, зертханалық жануарлардың өлекселері, ұя салу материалы) зарарсыздандырылады.

63. Жұқпалы материалды сақтағаннан кейін тоңазытқыштарды еріту оларды дезинфекциялаумен қатар жүргізіледі. Конденсациялық су зарарсыздандырылады.

64. Жұмыс күнінің соңында патогендігі I-II топтардағы ПБА сақталатын термостаттар, тоңазытқыштар, шкафтар пломбланады, өндірістік үй-жайлардың есіктері құлыппен жабылады.

65. Виварий мен инсектарийде омыртқалылар мен буынаяқтылардың қозғалысын тіркеу келіп түскен және берілген күні, аулау орны мен күні, зерттеу және карантин нәтижелері көрсетіле отырып, арнайы нөмірленген және тігілген журналда (еркін нысанда) жүргізіледі.

66. Виварий мен инсектарий үй-жайлары жұмыс күні аяқталғаннан кейін мөрленеді.

67. Зертханалық жануарларда ПБА индикациясы бойынша зерттеулер жүргізу кезінде мынадай шарттар сақталады:

1) микробиологиялық зертхананың "жұқпалы" аймағының боксталған үй-жайларындағы БҚБ-да оларға қатысты көрсетілген жұмыс жүргізілетін тірі вирустарды қоспағанда, зертханалық жануарларды жұқтыру және ашу, жұқтырған жануарларды ұстау, жасушалар мен тауық эмбриондарының өсірінділерін жұқтыру, әртүрлі бастапқы және қайта өсірілетін жасушалар өсірінділерін дайындау, клиникалық материалды бастапқы өңдеу, оның ішінде центрифугалау, кептіру, аэрозольдің пайда болуы ықтимал операциялар, суспензияларды дайындау, лиофилизацияланған ПБА-мен жұмыс микробиологиялық зертхананың "жұқпалы" аймағының боксталған үй-жайларында жүргізіледі;

2) ПБА немесе ПБА жұқтыруы ықтимал материалы бар сыйымдылықтар дезинфекциялық ерітіндіге малынған көп қабатты сулықпен жабылған науаға немесе контейнерге орналастырылады.

68. Адамдардың және (немесе) жануарлардың қан сарысуларын антигенді анықтауға немесе патогендігі I-II топтағы ПБА-ға антиденелерді анықтауға зерттеу жеке боксталған үй-жайда немесе БҚБ-да жүргізіледі. Қан сарысуын центрифугалау арқылы бөлу және инактивациялау боксталған үй-жайда немесе БҚБ-да жүргізіледі.

69. Микробиологиялық зертханалар химиялық реагенттердің, жуу және дезинфекциялау құралдарының әсеріне төзімді ашық түсті жиһазбен жабдықталады. Ішкі және сыртқы беттерінде өңдеуді қиындататын саңылаулар мен ойықтар бар жиһаз пайдаланылмайды.

70. Паразитологиялық зертханаларда стробилдердің, онкосфералардың, жұмыртқалардың, дернәсілдердің, ересек гельминттер мен ішек қарапайымдылары дарақтарының болуына ықтимал материал тығыз жабылатын қақпағы бар шыны немесе пластик ыдыста жеткізіледі.

71. Гельминттердің, қарапайымдылардың болуына зерттеу және дайындау сору шкафында жүргізіледі.

72. Материалды қабылдау және бастапқы өңдеу аймағында аликвотирлеу (немесе басқа да манипуляциялар) үшін үлгілерді ашу II сыныпты БҚБ-да жүргізіледі.

73. Гельминттермен ластануы ықтимал материал жұмыс күнінің соңында мөрленетін жеке тоңазытқышта сақталады.

74. Микробиологиялық зертханалардың қалдықтарын жинау, пайдалану, қолдану, залалсыздандыру, тасымалдау, сақтау және көму "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21934 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

75. Мицелиалды фаза өсірінділерімен манипуляциялар, барлық фазаларда саңырауқұлақтардың тіршілік етуін зерттеу БҚБ-да жүргізіледі.

76. Боксталған үй-жайлардағы мицелиалды өсірінділері себінділері физиологиялық ерітіндісі немесе сорпасы бар түтікшелер мен матрастарға алдын ала енгізілгеннен кейін жасалады. Өсірінділерді жуу кезінде матрастарға сұйықтық түтікшелер арқылы ұзын инесі бар шприцпен енгізіледі. Өсірінділер металл сыйымдылықтарға инкубацияланады.

77. Саңырауқұлақтардың мицелиалды фазаларымен жұмыс кезінде себінділері бар матрастар, түтікшелер боксталған үй-жайдан тыс ашылмайды. Себінділерді қарау боксталған үй-жайларда мақта-дәке маскасы немесе респираторы бар IV типті костюммен жүргізіледі. Саңырауқұлақтардың ашытқы фазаларымен жұмыс боксталған үй-жайда мақта-дәке маскасы немесе респираторы бар IV типті костюммен, серологиялық зерттеулер – IV типті костюммен жүргізіледі.

78. Жасуша элементтерін есептеу алдында саңырауқұлақтар суспензиясы автоклавталады немесе оларға 10%-дық формалин қосылады және термостатта 37°C температурада 2 сағат ұсталады.

79. Антигендерді, вакциналарды алу мақсатында өсірілген саңырауқұлақ жіпшесі 0,5 атмосферада 30 минут бойы автоклавтау немесе 0,5% соңғы шоғырлануына дейін формалин қосу арқылы зарарсыздандырылады.

Жасуша желілерін культивациялау және зертханалық материалмен жұмыс БҚБ-да бір рет қолданылатын стерильді қолғаптармен орындалады.

80. АИТВ инфекциясын зерттеу жөніндегі микробиологиялық зертханаларда қан сарысуларының үлгілерін сақтауға арналған жеке төмен температуралы (минус 40°C) тоңазыту жабдығы көзделеді. Тоңазыту жабдығы құлыптап жабылады және мөрленеді.

81. Микробиологиялық зертханалардың қызметкерлері қорғаныш костюмдерімен камтамасыз етіледі.

82. ПБА-мен орындалатын жұмысқа байланысты қорғаныш костюмдерінің мынадай типтері пайдаланылады:

1) I тип – медициналық костюм немесе комбинезон, медициналық тәпішке, медициналық бас киім, үлкен үшкіл орамал (капюшон), обаға қарсы халат, оң қысымды респиратор-капюшон, мақта-дәке маска (аэрозольға қарсы респиратор, сүзгі немесе оттегі-оқшаулағыш газқағар), көзілдірік, медициналық қолғап (екі жұп), сүлгі, шұлық, жабық зертханалық аяқкиім (су өткізбейтін етік). Жұмыстың қауіпті түрлері кезінде қосымша су өткізбейтін алжапқыш және жеңқаптар киеді;

2) II тип – медициналық костюм немесе комбинезон, медициналық тәпішке, медициналық бас киім, үлкен үшкіл орамал (капюшон), обаға қарсы халат, оң қысымды респиратор-капюшон, мақта-дәке маска (аэрозольға қарсы респиратор, сүзгілеуші немесе оттегі-оқшаулағыш газқағар), медициналық қорғап (екі жұп), сүлгі, шұлық, жабық зертханалық аяқкиім (непромокаемые етік). Жұмыстың қауіпті түрлері кезінде қосымша су өткізбейтін алжапқыш және жеңқаптар киеді;

3) III типті – медициналық костюм, бітеу ілгегі бар комбинезон, медициналық бас киім, үлкен үшкіл орамал (капюшон), обаға қарсы халат немесе медициналық халат (бітеу ілгегі бар комбинезон), медициналық қолғап, көзілдірік немесе қорғаныш экраны, сүлгі, шұлық, жабық зертханалық аяқкиім (галош немесе былғары, қысқа су өткізбейтін бахилалары бар жабық тәпішке);

4) IV типті – медициналық костюм, бас киім немесе кіші үшкіл орамал, обаға қарсы халат, медициналық халат немесе бітеу ілгегі бар комбинезон, медициналық қолғап, шұлық, жабық зертханалық аяқкиім (былғары, жабық тәпішке).

Көп рет қолданылатын қорғаныш костюмі әрбір пайдаланғаннан кейін зарарсыздандырылуға жатады. Бір рет қолданылатын қорғаныш костюмдерін пайдалануға жол беріледі.

Ұзын жеңді және алдында тұйық ілгегі бар комбинезондар мен медициналық костюмдер пайдаланылады.

83. Аса қауіпті инфекциялық ауруларды тудыратын, оның ішінде тауық эмбриондарын, жануарларды, эктопаразиттерді жұқтыру патогендігі I-II топтағы ПБА-мен жұмыс істеу және биологиялық сыналатын жануарларды ашу, адамдардың мәйіттерін және (немесе) жануарлардың өлекселерін ашу, штаммдар мен биологиялық материалды центрифугалау және вакуумдық кептіру, ошақтардағы жұмыс үшін I типті қорғаныш костюмін пайдаланады.

Патогендігі I-II топтардағы ПБА жұқтыруы ықтимал материалмен жұмыс істеу кезінде, оның ішінде жануарларды ашу, қыл-қыбырларды жинау, эктопаразиттерді жинау және оларды себу, "жұқпалы" аймақта жинау және ондағы аварияларды жою, риккетсиялардың кептірілген өсіріндісі бар ампулаларды ашу, риккетсиялардың биомассасын гомогенизациялау кезінде II типті қорғаныш костюмі пайдаланылады.

Инфекциялық және (немесе) паразиттік ауруларды туындататын патогендігі II топтың ПБА жұқтыруы ықтимал материалмен жұмыс істеу кезінде қорғаныш костюмінің III типі қолданылады.

Патогендігі III-IV топтағы ПБА жұқтыруы ықтимал материалмен жұмыс істеу кезінде қорғаныш костюмінің IV типі қолданылады.

84. Обаға қарсы мақта-мата халаттың ұзындығы сирақтың төменгі үштен біріне дейін, бұл ретте етегі бір-бірін жауып тұрады, қақпаның белбеуі мен баулары әрқайсысы жеке етекке тігілген екі бөліктен тұрады, жеңдерді байлау үшін бір ұзын бау көзделеді.

85. Көлемі 90x90x125 см обаға қарсы мақта-мата үшкіл орамал қолданылады.

86. Тыныс алу ағзаларын қорғау үшін бет жағы оқшауланған сүзгілейтін жеке қорғаныш құралдары (оның ішінде аэрозольге қарсы) не ұзындығы 25 см, ені 17 см тегіс мақта қабаты бар ұзындығы 125 см және ені 50 см бөлінген дәкеден жасалған мақта-дәке маскасы қолданылады.

87. Қорғаныш көзілдірігі кең, тығыз жататын шеті, олардың герметикалығын қамтамасыз ететін, терлеуге қарсы жабыны бар иілген әйнектері бар жабық типті болады. Оқшаулағыш беткі бөлігі бар химиялық және биологиялық факторлардан көзді жеке қорғаныш құралдары (қорғаныш көзілдірігі) пайдаланылады.

88. Қорғаныш костюмін боксқа кіреберісте не жұқпалы материалмен жұмыс істейтін боксталған үй-жайға кіргенге дейін мынадай ретпен киеді: пижама (комбинезон), шұлық, тәпішке, медициналық бас киім, үшкіл орамал (капюшон), обаға қарсы халат және етік. Халаттың жағасындағы таспалар мен халат белдігін алдынан сол жақта міндетті түрде ілмектеп байлайды, содан кейін таспаларды жеңге бекітеді. Респиратор (маска) ауыз бен мұрынды жабады, масканың жоғарғы таспалары желкеге, төменгі таспалары төбеге байланады, мұрын қанаттарының бүйірлеріне мақта тампондары қойылады. Көзілдірік жақсы бекітіледі және ауа сүзгісінің жоқ екені тексеріледі. Сүлгі алдыға белдің оң жағына бекітіледі.

89. Қорғаныш костюмін мынадай тәртіппен: костюмнің әрбір бөлігін шешкеннен кейін қолғап киілген қолды дезинфекциялау ерітіндісіне батырып шешеді:

1) етікті немесе кебісті дезинфекциялау ерітіндісіне молынан малынған тампонмен жоғарыдан төмен қарай сүртеді;

2) сүлгіні бүктеп алады;

3) жұмыс кезінде жеңқап пен қолғаптың екінші сыңары пайдаланылған болса, олар шешіледі;

4) дезинфекциялық ерітіндіге малынған мақта тампонмен сүртеді, алжапқыштың сыртқы жағын ішке қарай бүктеп шешеді;

5) көзілдірікті екі қолыңызбен алға, жоғары және артқа тартып шешеді;

6) респиратор немесе мақта-дәке масканың бауын шешеді және оның сыртқы жағын бетке тигізбей шешеді;

7) халат жағасының бауларын, белдікті шешеді және қолғаптың жоғарғы шетін түсіріп, жеңнің бауларын шешеді, халаттың сыртқы бөлігін ішке қарай орап шешеді;

8) үшкіл орамалдың барлық ұштарын желкеде бір қолға мұқият жинап шешеді;

9) қолғапты шешеді (қолғаптың бүтіндігінің бұзылуына күдік болған жағдайда оны дезинфекциялау ерітіндісінде (бірақ ауамен емес) тексереді);

10) етікті шешеді;

11) қорғаныш костюмін шешкеннен кейін қолды 70%-дық спиртпен өңдейді, содан кейін сабынмен мұқият жуады.

90. Костюмді зарарсыздандыру үшін өңдеуге арналған дезинфекциялық ерітінді бар жеке сыйымдылықтар көзделеді: етік немесе галош, костюмді шешу процесінде қолғаппен қолды, мақта-дәке масканы, халатты, үшкіл орамалды (капюшонды), сүлгіні, қолғапты, көзілдірікті 70% спиртке батырады.

91. Автоклавтау, қайнату арқылы немесе дезинфекциялау камерасында зарарсыздандыру кезінде костюмді тиісінше бикстерге, қос қаптарға салады.

4-параграф. БҚБ-мен жұмыс істеу кезінде биологиялық қорғауды қамтамасыз ету тәртібі

92. Мынадай:

1) патогендігі I топтағы вирустармен жұмыс үшін 3-сыныпты БҚБ не 1 немесе 2-сыныпты БҚБ персоналға арналған арнайы комбинезондармен біріктіріп қолданылады (толық жабық дене, ауа беру, жоғары қысым);

2) патогендігі I-II топтағы ПБА-мен жұмыс үшін 2-сыныпты (A1, A2, B1, B2) БҚБ қолданылады;

3) патогендігі III-IV топтағы ПБА-мен жұмыс үшін сору шкафтары қолданылатын паразитологиялық зертханаларды қоспағанда, 1-сыныпты қорғау БҚБ қолданылады.

ПБА-мен жұмыс жүргізілетін үй-жайлар бактерицидті сәулелегіштермен жабдықталады.

93. БҚБ сыныбын таңдау мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады: қоршаған ортаны қорғау; заттар мен материалдарды қорғау және осы Қағидалардың 75-тармағына сай және осы Қағидаларға 2-қосымшада көзделген БҚБ сыныптамасына сәйкес айқаспалы контаминациядан қорғау.

94. БҚБ ауа ағындарының пайда болуын болдырмайтын персоналдың барлық қозғалыс жолдарынан алыс және барлық туындайтын тыс орнатылады (адамдардың микробиологиялық зертханадағы қозғалысы, есіктерді ашу және жабу, терезелерден болатын желдің өті). Техникалық қызмет көрсетуді жеңілдету үшін БҚБ қабырғалары мен үй-жай қабырғасы арасындағы саңылау кемінде 30 см болуы тиіс. БҚБ төбесі мен үй-жайдың төбесі арасындағы қашықтық кемінде 30 см болуы тиіс, бұл шығатын ауа ағындарын дұрыс өлшеуге және шығу кезінде сүзгіні ауыстыруға мүмкіндік береді.

95. БҚБ ішінде ПБА-мен жұмыс істеу өндірушінің нұсқаулығына және өндірістік практикаға сәйкес жүзеге асырылады. БҚБ жұмысын бастау алдында БҚБ-ның аттестаттаудан өткені туралы қолданыстағы сертификаттың болуын тексеру қажет.

96. БҚБ-ның жұмыс аймағы шартты түрде 3 бөлікке бөлінуі тиіс: "таза" аймақ, жұмыс аймағы және ластанған аймақ. Объектілер (материал, жабдық, зертханалық

ыдыс) таза материалдың ластанған аймақта және керісінше қозғалысын болдырмайтындай етіп ("таза аймақтан ластанған аймаққа" қағидаты) және кабинаның алдыңғы жиегінен ішке қарай кемінде 100 миллиметр орналасады.

97. БҚБ-ның ішкі беттері микробиологиялық зертхананың операциялық рәсімінің стандарттарына сәйкес дезинфекциялық құралдармен және бактерицидті шаммен өңделеді. БҚБ-дағы сүзгілер жұмысының тиімділігіне жыл сайын бақылау жүргізу керек.

98. БҚБ жүктемесі шамадан тыс жүктелуін және боксталған үй-жайдың алдыңғы, артқы және бүйір торларынан шығатын ауа ағындарының бұғатталуын болдырмау мақсатында тек қажетті жабдықпен және материалмен жүргізіледі. БҚБ жұмыс аймағындағы барлық объектілер (материал, жабдық, зертханалық ыдыс) жұмыс бетінің артқы жиегіне мүмкіндігінше алыс орналастырылады, бұл ретте боксталған үй-жайдың артқы қабырғасындағы торды жаппайды. Аэрозольдер шығаратын жабдық боксталған үй-жайдың жұмыс бетінің артқы жиегіне орналастырылады. Бокстың жұмыс аймағына енгізілетін барлық заттардың беттері 70% спиртпен өңделеді, шашырандыларын дезинфекциялық сулықтармен сүрту керек. Биологиялық қауіпті қалдықтарға арналған пакеттер мен ұштықтар мен бір рет қолданылатын тамшуырларға арналған науаларды жұмыс және ластанған аймақтарда БҚБ-ның бір қабырғасының жанына орналастырылады.

99. БҚБ жұмыс аймағында микро жанарғылар немесе арнайы электр жанарғылар қолданылады. БҚБ-да ашық оттың шығуын болдырмау үшін бір рет қолданылатын микробиологиялық ілмектер мен зертханалық ыдыс пайдаланылады.

100. БҚБ жұмыс аймағында манипуляциялар жасау кезінде БҚБ жұмыс аймағына немесе одан қол қозғалысының санын және қол қозғалысын азайту сақталады.

101. Микробиологиялық зертханаларда кептірілген микроорганизмдер бар ампулаларды ашу БҚБ-да, дезинфекциялық құрал бар кюветтің үстінде немесе дезинфекциялық құрал сіңдірілген сулықтың үстінде жүргізіледі. Кесілген ампуланың ұшы дезинфекциялық құралмен суланған үш қабатты дәке сулықпен жабылады және пинцетпен сындырылады. Ашылған ампула бір-екі минут бойы сол сулықпен жабылып қалдырылады, кейіннен сулықты дезинфекциялық ерітіндіге батырады, содан кейін ампула стерильді тампонмен жабылады.

102. БҚБ-да жұмыс аяқталғаннан кейін қалдықтарға арналған контейнер жабылады және беті дезинфекциялау ерітіндісімен сүртіледі. Жабдықты қоса алғанда, барлық заттардың беттері дезинфекцияланады, тазалау үшін пайдаланылған сулықтар мен қолғаптар қалдықтарға арналған контейнерге салынады. Дезинфекциялық құралдармен өңделгеннен кейін барлық заттар БҚБ-дан алынады. БҚБ-ның ішкі беттері (жұмыс беті, қабырғалары) дезинфекциялық құралдармен сүртіледі. БҚБ-ны өшіру алдында ауаны тазарту циклдерінің жеткілікті саны өтуі үшін жұмыс режимінде қосымша 5-10 минутқа қалдыру керек.

103. Автоклавтарды пайдалану мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) автоклавта жұмыс істейтін, қысыммен жұмыс істейтін жабдықтармен жұмыс істеуге рұқсаты бар адамға егер екі және одан да көп қызметкердің қолы тиемей жұмыс істеп жатса, пломбыланған бактар мен жұқпалы материалы бар ыдыстарды қолхатпен тапсыру;

2) бекітілген есепке алу нысанына сәйкес автоклавтың, құрғақ кептіру шкафтарының жұмысын бақылау журналын жүргізу.

104. Тазарту және автоклавтау рәсімдерінің алдында көп рет пайдаланылатын заттар беттері дезинфекциялық ерітіндімен өңделетін, қақпағы бар контейнерлерге салынады немесе оралып, қаптарға (В класты пакеттерге) салынады. Автоклавтауға болмайтын заттарды БҚБ-ның жұмыс аймағынан шығару алдында дезинфекциялық ерітіндіге батырады. БҚБ-да жинау жүргізілген барлық киімдер пакеттерге салынып, автоклавталады.

5-параграф. Микробиологиялық зертхана үй-жайларында дезинфекциялау кезінде биологиялық қорғауды қамтамасыз ету тәртібі

105. ПБА-мен жұмыс жүргізу кезінде оны бастағанға дейін микробиологиялық зертханалардың үй-жайын ылғалды тәсілмен, "таза" аймақта жуу құралдарын қолдана отырып, "жұқпалы" аймақта жуу құралдары мен микробиологиялық зертхананың операциялық рәсімінің стандарттарына сәйкес дезинфектанттарды қолдана отырып жинайды, бактерицидті сәулелегіштермен сәулелейді. Жұмыс аяқталғаннан кейін үстелдерді, аспаптарды, жабдықты, еденді, БҚБ-ны дезинфекциялық құралды қолдана отырып сүртеді. Жинау мүкәммалының "таза" және "жұқпалы" аймақтар үшін жеке таңбасы болады.

106. Жұмыс күнінің басында және соңында жұмыс бөлмелерінде үстелдерді, аспаптарды, жабдықты 70°C этил спиртімен және Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасында белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялық құралдармен өңдеу жүргізіледі.

107. Зерттелетін материалды түтікшелерге, шыныаяқтарға, сауыттарда себу кезінде материалдың атауы, талдау нөмірі, себу күні және тіркеу нөмірі бар жазбалар көрсетіледі.

108. Детекцияны электрофорез әдісімен жүргізген кезде аптасына бір рет ампликондар үшін ингибирлеуші әсері бар реагенттерді пайдалана отырып, деконтаминациялау бойынша іс-шаралар жүргізіледі.

6-параграф. ПТР зерттеулерін жүргізу кезінде биологиялық қорғауды қамтамасыз ету тәртібі

109. Аса қауіпті инфекциялық ауруларды тудыратын патогендігі I-II топтағы ПБА-мен ПТР зерттеулер жүргізуге арналған үй-жайлардың ПТР-талдаудың кезеңдеріне сәйкес келетін үш аймағы болады:

1) реакциялық қоспаны дайындауға арналған II сыныпты БҚБ-мен боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай;

2) Дезоксирибонуклеин қышқылын (рибонуклеин қышқылын) (бұдан әрі -ДНҚ (РНҚ) бөлуге арналған II сыныпты БҚБ-мен боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай;

3) амплификация жүргізуге арналған боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай.

110. Инфекциялық және (немесе) паразиттік ауруларды тудыратын патогендігі II-IV топтағы ПБА-мен ПТР әдісімен зерттеулер жүргізуге арналған үй-жайлардың ПТР-талдаудың кезеңдеріне сәйкес келетін үш аймағы болады:

1) реакциялық қоспаны дайындауға арналған II сыныпты БҚБ-мен боксқа кіреберісі (шлюзі) бар бокс;

2) ДНҚ (РНҚ) бөлуге арналған II сыныпты БҚБ-мен боксқа кіреберісі (шлюзі) бар бокс;

3) амплификация жүргізуге арналған үй-жай.

Реакциялық қоспаны нуклеин қышқылымен араластыру және амплификациялау процесін көздейтін жабық типтегі талдағышты пайдаланған кезде ПТР зерттеулер жүргізуге арналған үй-жайда екі аймақ болады.

111. Боксқа кіреберістерде (шлюздерде) айна, қол жууға арналған раковиналар немесе қол жуғыштар орнатылады, олар болмаған кезде тері антисептиктері және дезинфекциялық ерітінділер бар сыйымдылықтар пайдаланылады.

112. ПТР әдісімен зерттеу жүргізуге биологиялық қорғауды қамтамасыз ету үшін мыналар сақталады:

1) әрбір аймақта тек осы бөлмеде пайдаланылатын жиһаздың, тоназытқыштардың, мұздатқыштардың, зертханалық жабдықтардың, реагенттердің, автоматты тамшуырлардың (мөлшерлегіштердің), ұштықтардың, пластик және шыны ыдыстардың, қорғаныш костюмінің, бір рет қолданылатын тальксыз қолғаптардың, жинау мүкәммалының және шығыс материалдарының жиынтығы болады;

2) бір рет қолданылатын ұштықтар мен ыдыстарды қайта пайдаланылмайды, жабдықтар, шығыс материалдары, реактивтер, қолғаптар, халаттар бір үй-жайдан басқа үй-жайға тасымалданбайды;

3) ПТР бойынша барлық жұмыс жұмыстың әрбір кезеңі қамтамасыз етілетін бір рет қолданылатын тальксыз қолғаппен жүргізіледі;

4) ПТР жүргізуге арналған барлық үй-жайларды әрлеу жуу және дезинфекциялық құралдардың әсеріне төзімді материалмен жүргізіледі;

5) барлық үй-жайларда бактерицидті сәулелегіштер орнатылады;

6) детекцияны электрофорез әдісімен жүргізу кезінде бұл кезеңге жеке персонал қызмет көрсетеді;

7) ПТР-дің барлық кезеңдерін жүргізуге арналған реагенттерді сақтау шарттары реагенттерді қолдану жөніндегі өндірушінің нұсқаулығының талаптарына сәйкес келеді. Клиникалық үлгілер реагенттерден бөлек сақталады;

8) ПТР зерттеулерге арналған үй-жайдағы оңтайлы температура егер зерттеу әдістемесінде өзгеше көзделмесе плюс 18°C-22°C шегінде ұсталады, салыстырмалы ылғалдылық 40%-дан 70%-ға дейін, температуралық режим мен ылғалдылық белгісі бар құжаттаманы жүргізу керек;

9) реагенттер бөлуге немесе амплификациялауға арналған боксталған үй-жайда сақталмайды. Сынамалар реакциялық қоспаны дайындауға арналған бөлмеде сақталмайды.

7-параграф. Иммундық-ферментті талдау әдісімен зерттеу жүргізу кезінде биологиялық қорғауды қамтамасыз ету тәртібі

113. Иммундық-ферментті талдау (бұдан әрі – ИФТ) немесе электрохемилюминесценция әдісімен зерттеулер жүргізуге арналған үй-жайларды биологиялық қорғауды қамтамасыз ету үшін зерттеу кезеңдеріне сәйкес келетін екі аймақ болады:

- 1) материалды қабылдау, тіркеу және оны бастапқы өңдеу бөлмесі;
- 2) зерттеу жүргізуге арналған үй-жай.

114. ИФТ немесе электрохемилюминесценция әдістерімен зерттеу жүргізуге арналған үй-жайларда қол жууға арналған раковиналар немесе қол жуғыштар орнатылады, болмаған кезде тері антисептиктері және дезинфекциялық ерітінділер бар сыйымдылықтар пайдаланылады.

115. ИФТ немесе электрохемилюминесценция әдістерімен зерттеу жүргізу үшін мыналар сақталады:

1) бір рет қолданылатын ұштықтар мен ыдыстар қайта пайдаланылмайды, жабдықтар, шығыс материалдары, реактивтер, қолғаптар, халаттар бір үй-жайдан басқа үй-жайға тасымалданбайды;

2) үй-жайдағы оңтайлы температура егер зерттеу әдістемесінде өзгеше көзделмесе плюс 18°C-22°C шегінде, салыстырмалы ылғалдылық 40%-дан 70%-ға дейін ұсталады, температуралық режим мен ылғалдылық белгісі бар құжаттама жүргізіледі;

3) күн сайын жұмыстан кейін жабдықты, мөлшерлегіштерді, штативтерді өңдеу 70° этил спиртімен жүргізіледі, планшеттерді автоматты жуу құралы дистилденген сумен және аптасына бір рет 70% этил спиртімен жуылады;

4) планшеттерді жылыту құралдарының жанында инкубациялау жүргізілмейді;

5) зерттелетін материалды зарарсыздандыру "жұқпалы" аймақта жүргізіледі.

8-параграф. Авариялар кезінде биологиялық қорғауды қамтамасыз ету тәртібі

116. Үқтимал ПБА бар зерттелетін материалмен жұмыс кезінде авариялар болғанда жұмысты дереу тоқтатады және авариялық сигнализацияны қосады және ішкі байланыс арқылы авария туралы микробиологиялық зертхана меңгерушісіне хабарлайды. Барлық авариялық жағдайлар журналға тіркеледі.

117. Патогендігі I-II топтағы ПБА шашырауымен авария болған кезде және бөлмедегі барлық адамдар мүмкіндігінше демін іште ұстап, дереу боксталған үй-жайдан шығып, боксқа кіреберіске (шлюзге) шығады. Сигнал алғаннан кейін I типті обаға қарсы костюмдегі персонал боксқа кіреберіске (шлюзге) кіреді, боксқа кіреберістегі (шлюздегі) персоналға жедел профилактика дәрі қобдишасын пайдалана отырып, дененің ашық бөліктерін өңдеуге көмектеседі (көзге және мұрынға қоздырғыш сезімтал антибиотиктердің ерітінділерін тамызады, ауыз бен тамақты 70° этил спиртімен шаяды, терең микоз қоздырғыштарымен жұмыс кезінде 1% бор қышқылын тамызады), киім суланады және дезинфекциялық ерітінді сіндіріледі. Боксқа кіреберісте (шлюзде) өз бетінше қорғаныш киімді дезинфекциялық ерітіндіге батырады немесе автоклавтауға немесе қайнатуға арналған бикске (бакқа) салады.

Патогендігі I топтағы ПБА шашырауымен аварияны жасаған персонал профилактикалық емдеу арқылы медициналық бақылауға изоляторға орналастырылады.

Патогендігі II топтың ПБА шашырауымен аварияны жасаған персоналға қатысты медициналық бақылау, қажет болған жағдайда профилактикалық емдеу жүргізіледі.

Авария болған үй-жайға I типтегі қорғаныш костюміндегі персонал авария орнын және барлық объектілерді дезинфекциялауды жүргізеді, бактерицидті сәулелегіштерді қосады.

118. Патогендігі III-IV топтағы ПБА-ның шашырауы орын алған авария кезінде сигнал алғаннан кейін персонал III типті костюммен кіреді, алдын ала еден мен үстелге дезинфекциялық ерітінді құяды, авария болған үй-жайдағы персоналға шұғыл профилактиканың дәрі қобдишасын пайдалана отырып, дененің ашық бөліктерін өңдеуге көмектеседі, киімді дезинфекциялық ерітіндімен сулайды және сіндіреді. Авария аймағынан шыққан кезде арнайы киімді шешеді және дезинфекциялық ерітіндіге батырады немесе автоклавтау немесе қайнату үшін бикске (бакқа) салады. Персонал бактерицидті сәулелегіштерді қосады. Экспозициядан кейін тиісті персонал дезинфекция жүргізеді.

119. Ботулиндік уытпен авария кезінде көзді және ауызды сумен және 1 миллилитрде 10 халықаралық бірлікке дейін сұйылтылған уытқа қарсы сарысумен жуады. Ботулин уыты терінің ашық жерлеріне түскен кезде оны көп мөлшерде сабындап жуады.

120. Белгісіз қоздырғышпен жұмыс істеу кезінде болған авария кезінде әсері кең спектрлі бактерияға қарсы және (немесе) вирусқа қарсы препараттармен профилактикалық емдеу жүргізіледі.

121. Биологиялық материал шашырамай авария болған кезде авария фактісі журналда тіркеледі, үй-жайдағы персонал биологиялық материалдың жабдықтың бетімен жанасатын орнына дезинфекциялық ерітіндісі бар тампонды (салфетка) қояды, боксталған үй-жайда бактерицидті сәулелегіштерді қосады, персонал боксталған үй-жайдан шығады, боксқа кіреберісте (шлюзде) қорғаныш киімін дезинфекциялық ерітіндіге батырады немесе автоклавтау немесе қайнату үшін бикске (бакқа) салады. Экспозициядан кейін төгілген материал жиналады және кәдеге жарату үшін контейнерге салынады, тиісті персонал дезинфекция жүргізеді.

122. БҚБ ішінде авария болған жағдайда инфекциялық материалмен жұмыс тоқтатылады және өндірістік практикаға сәйкес шаралар қабылданады. Авария фактісі тіркеледі, биологиялық материалдың жабдықтың бетімен жанасатын орнына дезинфекциялық ерітіндісі бар тампонды (салфетка) қояды, БҚБ-да бактерицидті сәулелегіштер қосылады, қорғаныш киімді дезинфекциялық ерітіндіге батырады немесе автоклавтау немесе қайнату үшін бикске (бакқа) салады. Экспозициядан кейін төгілген материал жиналады және кәдеге жарату үшін контейнерге салынады. Авария және дезинфекция кезінде сору желдеткіші қосулы күйінде қалады.

123. Тері жабыны бүтіндігінің бұзылуымен болған авария кезінде:

1) патогендігі I топтағы ПБА-мен жұмыс істеу кезінде қанды жарақаттан құрғақ стерильді сулыққа сығып алады және жарақатты дезинфекциялық ерітіндіні қолданбай йодпен өңдейді, зардап шегушіні инкубациялық кезең мерзіміне дереу оқшаулайды, күнделікті қызу өлшеу және дәрігерлік бақылау жүргізеді, сондай-ақ бактерияға қарсы және вирусқа қарсы препараттармен профилактикалық емдеу тағайындалады;

2) АИТВ инфекциясымен жұмыс істеу кезінде зардап шегушіге 72 сағаттан кешіктірмей профилактикалық антиретровирустық терапия (АРВТ) тағайындалады және "авариялық жағдайдан" кейін 3 ай бойы бақылау белгіленеді. Зардап шегушіге инфекцияның таралу мүмкіндігі туралы ескертіледі. АИТВ инфекциясына талдау теріс болған кезде "авариялық жағдайдан" кейін 1 айдан, 3 айдан кейін бақылау тоқтатылады ;

3) күйдіргі қоздырғышымен жұмыс істеу кезінде жарақат алған жерді сабындап сумен мұқият жуады және дезинфекциялық ерітінділерді қолданбай йод жағады;

4) терең микоз қоздырғыштарымен авария болған жағдайда жарақат алған жерді дезинфекциялық ерітіндімен өңдейді, сабындап сумен жуады, йод жағады;

5) патогендігі II топтағы ПБА-мен жұмыс істеу кезінде қанды құрғақ стерильді сулыққа сығып алады, жарақатты жылы ағынды сумен сабындап жуады және жарақатты дезинфекциялық ерітіндіні қолданбай йодпен өңдейді. Қажет болған жағдайда зардап шегушіні инкубациялық кезең мерзіміне оқшаулайды, күнделікті қызу

өлшеу және дәрігерлік бақылау жүргізіледі, сондай-ақ бактерияға қарсы және вирусқа қарсы препараттармен профилактикалық емдеу тағайындалады.

124. Патогендігі I топтағы ПБА-мен жұмыс істейтін субъекті жанында оларда ауруға ықтимал симптомдар анықталған жағдайда қызметкерлер мен аварияға жол берген адамдарға арналған изолятор көзделеді.

Изолятор аварияға жол берген адамдарды оқшаулау үшін кемінде екі боксталған үй-жаймен және байланыста болған адамдармен, негізгі және резервтегі спецификалық дәрілік препараттардың, шокқа қарсы дәрі-дәрмектердің, дезинфекциялық құралдардың қорымен, сондай-ақ санитариялық тораппен қамтамасыз етіледі.

9-параграф. Биологиялық Заттар мен материалдарды сақтау және тасымалдау кезінде биологиялық қорғауды қамтамасыз ету тәртібі

125. Заттар мен материалдарды сақтау және тасымалдау төмен температураға төзімді, төмен температуралы шкафтарға немесе сұйық азоты бар ыдыстарға орналастырылған сынбайтын, герметикалық контейнерлерде жүзеге асырылады.

Микроорганизмдер штаммдарын жою осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес микроорганизмдер штаммдарын жою актісімен ресімделеді.

126. Ішінде микроорганизмдер бар сыйымдылықтарда микроорганизмнің атауы, штамм нөмірі және қайта себілген (лиофилизация) күні көрсетілген анық, өшірілмейтін жазулар немесе берік желімделген затбелгілер болады. Уыттар бар сыйымдылықтар затбелгінің төменгі оң жақ бұрышы қызыл түспен қосымша таңбаланады.

127. Себу немесе жою мақсатында лиофилизацияланған ПБА бар ампулаларды ашу осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес себу немесе жою мақсатында лиофилизацияланған ПБА бар ампулаларды ашу актісімен ресімделеді.

128. Микроорганизмдердің штаммдары тоңазытқышта немесе жанбайтын шкафта (сейфте) топтарға бөліп сақталады. Әртүрлі топтағы микроорганизмдерді жабылатын қақпағы бар сынбайтын жеке сыйымдылықтарда сақтаған кезде оларды бірге ұсталады. Сыйымдылықтар мөрленеді, олардың сыртына немесе ішіне сақталатын микроорганизмдердің тізбесі мен саны бар тізім салынады.

129. Патогендігі I-II топтағы ПБА-ны уақытша сақтауға беру осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес патогендігі I-II топтағы ПБА-ны уақытша сақтауға (сақтағаннан кейін) беру актісімен ресімделеді.

130. Патогендігі I-II топтағы патогенді биологиялық агенттерді және патогендігі III-IV топтағы коллекциялық микроорганизмдерді микробиологиялық зертхана ішінде беруді осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес патогендігі I-II топтағы ПБА-ны және патогендігі III-IV топтағы коллекциялық микроорганизмдерді микробиологиялық зертхана ішінде беру актісі жасалғаннан кейін жүзеге асырады.

131. Микроорганизмдерді ұйымның шегінен тыс жерге беру осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес патогендігі I-IV топтағы ПБА-ны ұйымның шегінен тыс жерге беру

актісі жасалғаннан кейін жүргізіледі. ПБА-ны елдің шегінен тыс жерлерге беру Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

132. Патогендігі III-IV топтағы ПБА-ны тасымалдау пошта байланысы немесе курьер арқылы жүзеге асырылады. Микроорганизмдерді алушы-ұйым алған кезде курьер сенімхат және оның жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсынады.

133. Патогендігі I-II топтағы ПБА-ны тасымалдауды биологиялық қауіпсіздік бойынша білімі бар екі адам қолмен жүзеге асырады, олардың біреуінің патогендігі тиісті топтағы микроорганизмдермен жұмыс істеуге рұқсаты немесе арнайы байланысы болады. Микроорганизмдерді алған кезде қолмен тасушы адам сенімхат пен өзінің жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсынуады. Қолмен тасушы адам тасымалданатын штаммның сақталуына және тұтастығына жауапты болады.

134. Патогендігі I-II топтағы ПБА үшін екі данада қаптамалау актісі қосымша жасалады. Көрсетілген құжаттардың бірінші даналары микроорганизмдер бар қаптамаға салынады, құжаттардың екінші даналары жөнелтушіде қалады.

135. ПБА-ны тасымалдау осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес жөнелтуші ұйым берген арнайы жүкті тасымалдауға арналған ілеспе құжат болған кезде жүзеге асырылады. Құжаттар үш данада жасалады: ілеспе хат, қаптамалау актісі, қабылдау-тапсыру актісі, штамм паспорты. Көрсетілген құжаттардың бірінші даналары ПБА бар сыртқы қаптамаға салынады. Құжаттардың екінші даналары жөнелтушіде қалады. Құжаттардың үшінші даналары адресатқа алдын ала арнайы пошта арқылы жіберіледі.

136. ПБА-ны алған ұйым ПБА алғанын растайтын хатты оларды берген ұйымға, оның ішінде қолжетімділігі шектеулі ақпаратқа қойылатын талаптарды ескере отырып жібереді.

137. Жөнелтуші ұйым алушы ұйымға шұғыл байланыс (факс, электрондық пошта, телефон) арқылы ПБА-ны жөнелткен күнді және көліктің түрін хабарлайды.

138. ПБА-ны тығыз қоректік ортада береді. Құрамында ПБА бар уыттар, вирустар, ағзалар, тіндер және олардың суспензиялары лиофилизацияланған түрде, консервіленген сұйықтықта немесе мұздатылған күйде беріледі.

139. Биологиялық материалды және ПБА-ны микробиологиялық зертханаға тасымалдау кезінде үш рет қаптамалау қағидаты сақталады, оған мыналар кіреді:

1) бастапқы сыйымдылық – таңбаланған контейнер, түтікше, зертханалық үлдірмен герметикаланған қақпақпен берік жабылған ішінде сынама бар құты;

2) екінші сыйымдылық – ағып кеткен кезде барлық үлгіні абсорбциялау үшін жеткілікті мөлшерде абсорбциялаушы материал бар берік су өткізбейтін ағып кетпейтін контейнер (полиэтилен пакет);

3) сыртқы қаптама – биологиялық материалдарды тасымалдауға арналған берік термооқшаулағыш контейнер. Тасымалдаудың температуралық жағдайларын

қамтамасыз ету үшін термоконтейнерге талап етілетін температуралық режим жағдайларын ұстайтын элементтерді салады. Контейнерге "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы есепке алу мен есеп құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-84 бұйрығына сәйкес нысан бойынша ресімделетін жолдама салынады. Термоконтейнердің сыртқы жағында алушының және жөнелтушінің мекенжайы, телефоны, факсы, электрондық поштасы, тасымалдау шарттары көрсетілген затбелгі бекітіледі.

140. Жөнелтілімнің мекенжай жағы "Қауіпті! Тасымалдау кезінде ашуға болмайды" деген белгімен белгіленеді.

141. Биологиялық материалдарды және ПБА-ны жөнелтуші ұйым Қазақстан Республикасының экспорттық бақылау саласындағы заңнамасына, сондай-ақ қолданыстағы халықаралық конвенциялар мен қағидаларға сәйкес ПБА-ны қаптамалау және жөнелту пунктіне дейін тасымалдау қағидаларының сақталуына, сондай-ақ ПБА-ны қаптамалау мен жөнелтудің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Биологиялық қорғауды
қамтамасыз ету қағидаларына
I-қосымша

Микробиологиялық зертханалар үй-жайлары Патогендігі I-II топтардағы микроорганизмдермен жұмыс жүргізетін бактериологиялық зертхана үй-жайлары

1-кесте

р/с №	Үй-жайлардың атауы
1.	"Таза" аймақта мыналар көзделеді:
1)	микробиологиялық зертхана меңгерушісінің кабинеті
2)	әкімшілік жұмысқа арналған бөлмелер
3)	персонал бөлмесі
4)	гардероб
5)	коректік орталарды дайындауға және құюға арналған боксталған үй-жай
6)	автоклав
7)	препараторлық-стерилдеу
8)	жуу бөлмесі
9)	койма
2.	Жұқпалы аймақта мыналар көзделеді:
1)	материалды қабылдау, тіркеу және оны бастапқы өңдеу бөлмесі
2)	боксқа кіреберісі (шлюзі) бар 2 боксталған үй-жай
3)	бактериологиялық зерттеулерге арналған боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай

4)	ИФТ диагностикасына, серологиялық зерттеулерге арналған үй-жай
5)	экспресс-диагностикаға арналған үй-жай
6)	автоклав
7)	Мыналар кіретін жұқпалы аймақ:
7.1)	зоологиялық-паразитологиялық бөлме
7.2)	материалды қабылдау және бастапқы өңдеуге арналған бөлмелерден, жұқтыруға, ашуға және себуге арналған бөлмелерден, мүкәммалды зарарсыздандыруға арналған бөлмеден және жұқтырылған жануарларды ұстауға арналған бөлмеден тұратын, жұқтырылған жануарлармен жұмыс істеуге арналған блок
7.3)	қорғаныш костюмін киюге арналған үй-жай немесе аймақ
7.4)	қорғаныш костюмін шешуге арналған үй-жай
3.	Персоналға арналған санитариялық өткізгіш:
1)	гардероб
2)	себезгі бөлмесі
3)	дәретхана

Ескертпе: Микробиологиялық зертханалар үшін зерттеулер жүргізуге көзделген үй-жайлар жиынтығы зерттеулердің түріне және орындалатын номенклатурасына байланысты болады.

Патогендігі III-IV топтағы микроорганизмдермен жұмыс жүргізетін бактериологиялық зертхана үй-жайларының жиынтығы

2-кесте

р/с №	Үй-жайлардың атауы
1.	"Таза" аймақта мыналар көзделеді:
1)	бактериологиялық зертхана меңгерушісінің кабинеті
2)	оқу бөлмесі
3)	стерилдеу
4)	қоректік ортаны дайындауға үй-жай:
4.1)	қоректік ортаны дайындау
4.2)	ортаны құюға арналған боксқа кіреберісі бар боксталған үй-жай
5)	зертханалық ыдыстарға, реактивтерге, материалдарға арналған қойма
6)	персонал бөлмесі
7)	жуу орны
2.	Жұқпалы аймақта мыналар көзделеді:
1)	ішек тобы инфекцияларына зерттеуге арналған үй-жай

2)	санитариялық бактериология бойынша зерттеулер жүргізуге арналған боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай
3)	тамшылы инфекцияларды зерттеуге арналған үй-жай:
3.1)	зерттеу жүргізуге арналған бөлме
3.2)	боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай
4)	серологиялық зерттеуге арналған үй-жай
5)	пайдаланылған инфекциялық материалды зарарсыздандыруға және ортаны, ыдысты стерилдеуге арналған үй-жай
6)	тіркеу және зерттеу нәтижелерін беру орны
7)	сынамаларды алу үй-жайы
8)	дәретхана
3.	Персоналға арналған санитариялық өткізгіш:
1)	гардероб
2)	себезгі бөлмесі
3)	дәретхана

Ескертпе: Бактериологиялық зертханалар үшін зерттеулер жүргізу үшін көзделген үй-жайлар жиынтығы зерттеулердің түріне және орындалатын номенклатурасына байланысты болады.

Автоматтандырылған ортаны қайнату орны болған кезде 1-тармақтың 4.1) және 4.2) тармақшалары 2-кестеге біріктіріледі. Бір үй-жайда тамшылы инфекцияларға дәрігерлер мен зертханашыларға арналған үй-жайды орналастыруға жол беріледі. Бактериологиялық зертханада қорғаныш костюмін киюге арналған аймақ және қорғаныш костюмін шешуге арналған аймақ айқындалады.

Бактериологиялық зертхананың жұмысын бір рет қолданылатын шығыс материалын пайдалана отырып ұйымдастыру кезінде жұмыс аймағында раковина көзделеді.

Жұмысқа бір рет қолданылатын ыдысқа құйылған дайын қоректік орталарды пайдаланған жағдайда, стерилдіктің кіру бақылауын сақтаған кезде, тоңазытқыштар мен шкафтарда дайын қоректік орталарды сақтауға арналған үй-жай болған кезде қоректік орталарды дайындауға арналған үй-жайдың болмауына жол беріледі.

Мамандандырылған ұйыммен "Б" сыныбының медициналық қалдықтарын кәдеге жаратуға шарт жасалған жағдайда және эпидемиологиялық қауіпсіздік қамтамасыз етілген жағдайда пайдаланылған инфекциялық материалды зарарсыздандыру үшін автоклавтың болмауына жол беріледі.

Патогендігі I-II топтардағы микроорганизмдермен жұмыс жүргізетін вирусологиялық зертхана үй-жайлары

р/с №	Үй-жайлардың атауы
1.	"Таза" аймақта мыналар көзделеді:
1)	вирусологиялық зертхана меңгерушісінің кабинеті
2)	әкімшілік жұмысқа арналған бөлмелер
3)	персонал бөлмесі
4)	жуу бөлмесі
5)	автоклав (ыдыстарды, қоректік орталарды, ерітінділерді стерилдеу үшін)
6)	ыдыстар, реактивтер қорларын сақтауға арналған үй-жай
7)	тіндер өсірінділерін дайындауға арналған боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай
8)	иммунологиялық зерттеулер жүргізуге арналған боксталған үй-жай
2.	Жұқпалы аймақта мыналар көзделеді:
1)	материалды қабылдау, тіркеу және оны бастапқы өңдеу бөлмесі
2)	бастапқы сынамаларды өңдеу үй-жайы
3)	тіндер өсірінділері мен эмбриондарды жұқтыруға арналған боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай
4)	микроскопқа арналған үй-жай
5)	эталонды штамдармен жұмысқа және серологиялық зерттеулер жүргізуге арналған боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай
6)	пайдаланылған инекциялық материалды зарасыздандыру үшін автоклав
7)	Медициналық қалдықтарды уақытша сақтауға арналған үй-жай
8)	сынамаларды сақтауға арналған үй-жай
9)	Мыналар көзделетін жұқпалы аймақ:
9.1)	зоологиялық-паразитологиялық бөлме
9.2)	материалды қабылдау және бастапқы өңдеуге арналған бөлмелерден, жұқтыруға, ашуға және себуге арналған бөлмелерден, мүкәммалды зарасыздандыруға арналған бөлмеден және жұқтырылған жануарларды ұстауға арналған бөлмеден тұратын, жұқтырылған жануарлармен жұмыс істеуге арналған блок
9.3)	қорғаныш костюмін киюге арналған үй-жай немесе аймақ
9.4)	қорғаныш костюмін шешуге арналған үй-жай
3.	Аса қауіпті инфекциялық ауруларды тудыратын патогендігі I-II топтағы ПБА-мен ПТР зерттеулер жүргізуге арналған үй-жайлар

1)	реакциялық қоспаны дайындауға арналған II сыныпты БҚБ-мен боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай;
2)	Дезоксирибонуклеин қышқылын (рибонуклеин қышқылын) (бұдан әрі - ДНҚ (РНҚ) бөлуге арналған II сыныпты БҚБ-мен боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай;
3)	амплификация жүргізуге арналған боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай.
4.	Инфекциялық және (немесе) паразиттік ауруларды тудыратын патогендігі II-IV топтағы ПБА-мен ПТР зерттеулер жүргізуге арналған үй-жайлар
1)	реакциялық қоспаны дайындауға арналған II сыныпты БҚБ-мен боксқа кіреберісі (шлюзі) бар бокс;
2)	ДНҚ (РНҚ) бөлуге арналған II сыныпты БҚБ-мен боксқа кіреберісі (шлюзі) бар бокс;
3)	амплификация жүргізуге арналған үй-жай.
5.	Персоналға арналған санитариялық өткізгіш:
1)	гардероб
2)	себезгі бөлмесі
3)	дәретхана

Ескертпе:

Вирусологиялық зертханалар үшін зерттеулер жүргізу үшін көзделген үй-жайлар жиынтығы зерттеулердің түріне және орындалатын номенклатурасына байланысты болады.

Вирусологиялық зертхананың жұмысын бір рет қолданылатын шығыс материалын пайдалана отырып ұйымдастыру кезінде стерилдеу орнының болмауына жол беріледі.

Патогендігі III-IV топтардағы микроорганизмдермен жұмыс жүргізетін вирусологиялық зертхана үй-жайлары

4-кесте

р/с №	Үй-жайлардың атауы
1.	"Таза" аймақта мыналар көзделеді:
1)	вирусологиялық зертхана меңгерушісінің кабинеті
2)	персонал бөлмесі
3)	жуу бөлмесі
4)	автоклав (ыдыстарды, орталарды, ерітінділерді стерилдеу үшін)
5)	ыдыстар, реактивтер қорларын сақтауға арналған қойма
6)	препараторлық-стерилизациялық
2.	Жұқпалы аймақта мыналар көзделеді:

1)	материалды қабылдау, тіркеу және оны бастапқы өңдеу бөлмесі
2)	респираторлық вирустармен жұмысқа арналған боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай
3)	энтеровирустармен жұмысқа және санитариялық вирусология жүргізуге арналған боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай
4)	тіндер өсірінділерін дайындауға арналған боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай
5)	иммундық-ферменттік талдауға арналған үй-жай
6)	пайдаланылған инъекциялық материалды зарарсыздандыру үшін автоклав
4.	Инфекциялық және (немесе) паразиттік ауруларды тудыратын патогендігі III-IV топтағы ПБА-мен ПТР зерттеулер жүргізуге арналған үй-жайлар
1)	реакциялық қоспаны дайындауға арналған II сыныпты БҚБ-мен боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай
2)	Дезоксирибонуклеин қышқылын (рибонуклеин қышқылын) (бұдан әрі - ДНҚ (РНҚ) бөлуге арналған II сыныпты БҚБ-мен боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай
3)	амплификация жүргізуге арналған үй-жай.
5.	Персоналға арналған санитариялық өткізгіш:
1)	гардероб
2)	себезгі бөлмесі
3)	дәретхана

Ескертпе: сынамалар дайындау аймағының және қоспа дайындау аймағының боксқа кіреберісі (шлюз) ортақ болуы мүмкін.

Паразитологиялық зертхана үй-жайлары

5-кесте

р/с №	Үй-жайлардың атауы
1.	"Таза" аймақ
1)	паразитологиялық зертхана меңгерушісінің кабинеті
2)	гардероб
3)	персонал бөлмесі
4)	Қойма
5)	дәретхана
6)	жуу орны
2.	Жұқпалы аймақ:
1)	қабылдауға, тіркеуге және талдау нәтижелерін беруге арналған бөлме
2)	дәретхана

3)	гельминтологиялық зерттеулерге арналған үй-жай
4)	серологиялық зерттеулер үй-жайы
5)	экспресс-диагностикаға арналған үй-жай
6)	энтмологиялық зерттеулер бөлмесі

Ескертпе: Паразитологиялық ертханалар үшін зерттеулер жүргізу үшін көзделген үй-жайлар жиынтығы зерттеулердің түріне және орындалатын номенклатурасына байланысты болады. Егер паразитологиялық зертхана бактериологиялық зертхананың құрамына кіретін болса, онда қабылдауға, тіркеуге және талдауларды беруге арналған үй-жайлар, жуу бөлмесі және күтуге арналған бөлме бактериологиялық зертхананың осыған ұқсас үй-жайымен біріктірілген. Энтмолог болған жағдайда энтмологиялық зерттеулер бөлмесі.

Паразитологиялық зертхананың жұмысын бір рет қолданылатын шығыс материалын пайдалана отырып ұйымдастыру кезінде стерилдеудің болмауына жол беріледі.

Полимераздық тізбекті реакция (ПТР) микробиологиялық зертханаларына арналған үй-жайлар

6-кесте

р/с №	Үй-жайлардың атауы
Электрофорез әдісімен ПТР диагностикасы	
1	Материалды қабылдау, тіркеу және оны бастапқы өңдеу бөлмесі
2	Дезоксирибонуклеин қышқылын (рибонуклеин қышқылын) (бұдан әрі - ДНҚ (РНҚ) ДНҚ (РНҚ) бөлуге арналған боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай
3	Реакциялық қоспаны дайындауға арналған боксталған үй-жай
4	Амплификация және детекция жүргізуге арналған боксталған үй-жай
5	Пайдаланылған инфекциялық материалды зарарсыздандыруға арналған автоклав
6	Жуу бөлмесі
7	Шығыс материалдарына арналған қойма
8	Стерилдеу бөлмесі
9	Гардероб
10	Әкімшілік жұмысқа арналған бөлме
11	Меңгеруші кабинеті
12	Дәретхана
13	Себезгі бөлмесі
Нақты уақыт режиміндегі ПТР диагностикасы	

1	Материалды қабылдау, тіркеу және оны бастапқы өңдеу бөлмесі
2	ДНҚ (РНҚ) бөлуге арналған боксталған үй-жай
3	Реакциялық қоспаны дайындауға арналған боксталған үй-жай
4	Амплификация жүргізу үшін үй-жай:
4.1	боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай (аса қауіпті инфекциялар аурулар тудыратын патогендігі I-II топтағы ПБА үшін)
4.2	боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай (инфекциялық және (немесе) паразиттік аурулар тудыратын патогендігі II- IV топтағы ПБА үшін)
5	Пайдаланылған инфекциялық материалды зарарсыздандыруға арналған автоклав
6	Жуу бөлмесі
7	Шығыс материалдарына арналған қойма
8	Стерилдеу бөлмесі
9	Гардероб
10	Әкімшілік жұмысқа арналған бөлме
11	Меңгеруші кабинеті
12	Дәретхана
13	Себезгі бөлмесі

ПЦР - диагностика мобильных лаборатории в режиме реального времени мобильных лаборатории

1	Материалды қабылдау, тіркеу және оны бастапқы өңдеу бөлмесі
2	ДНҚ (РНҚ) бөлуге арналған боксталған үй-жай
3	Реакциялық қоспаны дайындауға арналған боксталған үй-жай
4	Амплификация жүргізу үшін үй-жай:
4.1	боксқа кіреберісі (шлюзі) бар боксталған үй-жай (аса қауіпті инфекциялық ауруларды тудыратын патогендігі I-II топтағы ПБА-мен ПТР зерттеулер жүргізуге арналған)
4.2	боксталған үй-жай (Инфекциялық және (немесе) паразиттік ауруларды тудыратын патогендігі II-IV топтағы ПБА-мен ПТР зерттеулер жүргізуге арналған)
5	Пайдаланылған инфекциялық материалды зарарсыздандыруға арналған автоклав

Ескертпе: Микробиологиялық зертхананың жұмысын бір рет қолданылатын шығыс материалын пайдалана отырып ұйымдастыру кезінде стерилдеудің және жуу бөлмесінің болмауына жол беріледі.

Мамандандырылған ұйыммен "Б" сыныбының медициналық қалдықтарын кәдеге жаратуға шарт жасалған жағдайда және эпидемиологиялық қауіпсіздік қамтамасыз

етілген жағдайда пайдаланылған инфекциялық материалды зарарсыздандыру үшін автоклавтың болмауына жол беріледі.

Иммундық-ферментті талдау (ИФТ) микробиологиялық зертханаларына арналған үй-жайлар

7-кесте

р/с №	Үй-жайлардың атауы
1	Материалды қабылдау, тіркеу және оны алғашқы өңдеу бөлмесі
2	ИФТ жүргізуге арналған үй-жай
3	Пайдаланылған инфекциялық материалды зарарсыздандыруға арналған автоклав
4	Жуу бөлмесі
5	Шығыс материалдарына арналған қойма
6	Стерилдеу бөлмесі
7	Гардероб
8	Әкімшілік жұмысқа арналған бөлме
9	Меңгеруші кабинеті
10	Дәретхана
11	Себезгі бөлмесі

Микробиологиялық зертхананың жұмысын бір рет қолданылатын шығыс материалын пайдалана отырып ұйымдастыру кезінде стерилдеудің және жуу бөлмесінің болмауына жол беріледі.

Мамандандырылған ұйыммен "Б" сыныбының медициналық қалдықтарын кәдеге жаратуға шарт жасалған жағдайда және эпидемиологиялық қауіпсіздік қамтамасыз етілген жағдайда пайдаланылған инфекциялық материалды зарарсыздандыру үшін автоклавтың болмауына жол беріледі.

Биологиялық қорғауды
қамтамасыз ету қағидаларына
2-қосымша

Биологиялық қауіпсіздік боксы (БҚБ) сыныптамысы

БҚБ қорғау сыныбы	ПБА-ның патогенділік тобы	Қорғау				Биологиялық қауіпсіздік деңгейі
		персоналды	қоршаған ортаны	заттар мен материалды	айқаспалы контаминациядан	
1	Патогендігі III-IV топтар	халат, қолғап, маскалар (қажет болған)	ауаның бөлмеге немесе жабық сорғыға шығуы;	талап етілмейді	микробиологиялық жұмыс қағидаларын сақтау қалдықтарды кәдеге жарату	Бірінші және екінші

		жағдайда көзілдірік)	ауаның рециркуляциясы 0,0 %; шығу ағыны 100 %		жөніндегі жалпы қағидаларды сақтау;	
2 А1	Патогендігі I-II топтар	арнайы халат, қолғап, тәпішке, маскалар (қажет болған жағдайда екінші жұп қолғап, N-95 маскалар, арнайы көзілдірік, етік, бахилалар); микробиологиялық зертханадан шыққаннан кейін себезгі; дене температурасының термометриясы	ауаның бөлмеге немесе герметикалық емес сорғыға шығуы; ауаның рециркуляциясы 70,0 %; шығу ағыны 30,0 %	қажет болған жағдайда талап етіледі	микробиологиялық жұмыс қағидаларын сақтау; кіруді шектеу; қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі жалпы қағидаларды сақтау; қажет болған жағдайда БҚБ-ны, қалдықтарды, зертханалық киімді деконтаминациялау	Бірінші, екінші және үшінші
2 А2	Патогендігі I-II топтар	арнайы халат, қолғап, тәпішке, маскалар (қажет болған жағдайда екінші жұп қолғап, N-95 маскалар, арнайы көзілдірік, етік, бахилалар); микробиологиялық зертханадан шыққаннан кейін себезгі; дене температурасының термометриясы	ауаның бөлмеге немесе герметикалық емес сорғыға шығуы; ауаның рециркуляциясы 70,0 %; шығу ағыны 30,0 % төмен қысым аймағы	қажет болған жағдайда талап етіледі	микробиологиялық жұмыс қағидаларын сақтау; кіруді шектеу; қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі жалпы қағидаларды сақтау; қажет болған жағдайда БҚБ-ны, қалдықтарды, зертханалық киімді деконтаминациялау	Бірінші, екінші және үшінші
		арнайы халат,				

2 В1	Патогендігі I-II топтар	екі жұп қолғап, тәпішке (қажет болған жағдайда бахилалар, етік, галоштар), мақта-дәке маска немесе N - 9 5 маскалары, арнайы көзілдірік; микробиологиялық зертханадан шыққаннан кейін себезгі; дене температурасының термометриясы	ауаның тек жабық сорғыға шығуы; ауа рециркуляциясы 30,0 %; шығу ағыны 70,0 %; төмен қысым аймағы	талап етіледі	микробиологиялық жұмыс қағидаларын сақтау; кіруді шектеу; қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі жалпы қағидаларды сақтау; Б Қ Б , қалдықтарды, зертханалық киімдерді деконтаминациялау	Екінші және үшінші
2 В2	Патогендігі I-II топтар	арнайы халат, екі жұп қолғап, тәпішке (қажет болған жағдайда бахилалар, етік, галоштар), мақта-дәке маска немесе N - 9 5 маскалары, арнайы көзілдірік; микробиологиялық зертханадан шыққаннан кейін себезгі; дене температурасының термометриясы	ауаның тек жабық сорғыға шығуы; ауа рециркуляциясы 0,0 %; шығу ағыны 100 %; төмен қысым аймағы.	талап етіледі	микробиологиялық жұмыс қағидаларын сақтау; кіруді шектеу; қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі жалпы қағидаларды сақтау; Б Қ Б , қалдықтарды, зертханалық киімдерді деконтаминациялау	Екінші және үшінші
		арнайы комбинезон (дене толық жабылған, автономды ауа беру,	ауаның бөлмеге немесе жабық сорғыға шығуы;		микробиологиялық жұмыстың қосымша қағидаларын сақтау;	

3	Патогендігі I топтағы вирустар	жоғары қысым); зертханадан шыққаннан кейін себезгі; микробиологиялық зертханадан шыққаннан кейін арнайы киімді толық деконтаминациялау; персоналды медициналық бакылау	а у а рециркуляциясы 0,0 %; шығу ағыны 100 %; төмен қысым аймағы; вакуумның берілуі мен шығуының жеке жүйелері, деконтаминация	талап етіледі	кіруді шектеу; қалдықтарды кәдеге жарату декантоминациясы бойынша жалпы қағидаларды сақтау; Б Қ Б , қалдықтар, зертханалық киімдерді міндетті деконтаминациялау	Үшінші және төртінші
---	--------------------------------	--	--	---------------	---	----------------------

Биологиялық қорғауды қамтамасыз ету қағидаларына 3-қосымша

Нысан
Бекітемін
Микробиологиялық зертхана меңгерушісі

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
" " "

Микроорганизм штамдарын жою актісі

20__ жылғы _____ №__

Біз, төменде қол қоюшылар, _____

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(рұқсат берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы, рұқсаттың нөмірі мен күні) рұқсатына сәйкес

(түрдің атауы, штамдар №, объектілер саны) автоклавтау арқылы

(автоклавтау режимі)

немесе _____

(дезинфекциялық ерітіндінің атауы, оның шоғырлануы, зарарсыздандыру уақыты)
батыру арқылы патогенді микроорганизмді жойдық.

Патогенді микроорганизмді жою күні _____

Қолдары:

Биологиялық қорғауды
камтамасыз ету қағидаларына
4-қосымша

Нысан
Бекітемін
Микробиологиялық зертхана
меңгерушісі

Тегі, аты, әкесінің аты (бар
болған жағдайда)

" _____ "

**Себу немесе жою мақсатында лиофилизацияланған патогенді биологиялық агенттер (ПБА)
бар ампуланы(ларды) ашу актісі**

20__ жылғы _____ № _____

Біз, төменде қол қоюшылар, _____

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(рұқсат берген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы,
рұқсаттың нөмірі мен күні)

рұқсатына сәйкес _____

(түрдің атауы, штамдар №, объектілер саны)

(микроорганизмді себу немесе оны жою)

мақсатында құрғақ микроорганизм бар ампуланы(ларды) аштық.

Патогенді микроорганизмнің қалдықтары бар ампула(лар)

_____ автоклавтау

арқылы

(күні) (автоклавтау режимі)

немесе _____ батыру

арқылы

(дезинфекциялық ерітіндінің атауы, оның шоғырлануы, зарарсыздандыру уақыты)

зарарсыздандырылды.

Ампуланы(ларды) ашу күні _____

Қолдары:

Биологиялық қорғауды
камтамасыз ету қағидаларына
5-қосымша
Нысан
Бекітемін
Микробиологиялық зертхана
меңгерушісі

Тегі, аты, әкесінің аты (бар
болған жағдайда)

" ____ " _____

Патогендігі I-II топтардағы патогенді биологиялық агенттерді (ПБА) уақытша сақтауға беру (сақтудан алу) актісі

20__ жылғы _____ №__

Біз, төменде қол қоюшылар, _____

(микроорганизмді беретін адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда),

беру орны)

Микробиологиялық зертхана (бөлім) меңгерушісінің өкіміне сәйкес

_____ қаптамаланған

_____ мөрімен

_____ мөрлеген

(мөр бедері, мөр иесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

(түрдің атауы, штамдар №, объектілер саны, беру шарттары: қайта себу құқығымен немесе

құқығынсыз)

микроорганизмді беруді жүргізу туралы осы актіні жасадық.

Көрсетілген микроорганизмдер _____

(бөлменің, сейфтің және тоңазытқыштың №)

Бірге берілді _____

(есепке алу құжаттамасының атауы, сейфтің кілті)

Беру күні _____

Тапсырды: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

Қабылдады: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

Биологиялық қорғауды
қамтамасыз ету қағидаларына
6-қосымша

Нысан
Бекітемін
Ұйым басшысы

Тегі, аты, әкесінің аты (бар
болған жағдайда)

" _____ " _____

Патогендігі I-II топтардағы патогенді биологиялық агенттерді және патогендігі III-IV топтардағы коллекциялық микроорганизмдерді микробиологиялық зертхана (ұйым) ішінде беру актісі

20__ жылғы _____ № _____

Біз, төменде қол қоюшылар, _____

(патогенді микроорганизмді беретін адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), беру орны)

(патогенді микроорганизмді алған адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

_____ microbiологиялық зертхана (бөлім)
меңгерушісінің өкіміне сәйкес

(түрдің атауы, штамдар №, объектілер саны, беру шарттары: қайта себу құқығымен немесе құқығынсыз) патогенді микроорганизмді беруді жүргізу туралы осы актіні жасадық.
Беру күні _____

—
Тапсырды: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

Қабылдады: _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

Биологиялық қорғауды
камтамасыз ету қағидаларына
7-қосымша

Патогендігі I- IV топтардағы патогенді биологиялық агенттерді ұйым шегінен тыс беру актісі

20____жылғы _____ №____

Біз, төменде қол қоюшылар, _____

(патогенді микроорганизмді беретін адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған

жағдайда), беру орны)

(патогенді микроорганизмді алған адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)) ұйым басшысының өкіміне сәйкес

(түрдің атауы, штамдар №, объектілер саны, қаптама түрі)
патогенді микроорганизмді беруді жүргізу туралы осы актіні жасадық.

Беру күні _____

—
Тапсырды: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

Қабылдады: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

Биологиялық қорғауды
қамтамасыз ету қағидаларына
8-қосымша

Нысан

Типографияда дайындалған
ұйымның мөртабаны
Бақылау қызметтеріне

Арнайы жүкті тасымалдауға ілеспе құжат

өкілі(дері)

(ұйымның атауы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы)

оның ішінде ол (олар) _____

арнайы жүк-жөнелтілімді _____

(микроорганизмнің атауы)

_____ жеткізуі үшін берілді.

Арнайы жүк _____
қаптамаланған
(қаптама түрі)

_____ бедері бар сүргіш мөрмен мөрленген
(микробиологиялық зертхана атауы)

№ _____ және ақ матамен қапталған және сондай бедері бар мөрмен
мөрленген ағаштан жасалған жөнелтілім жәшігіне салынған.

Арнайы жүк жарылысқа қауіпті емес, өртке қауіпті емес!

Арнайы жүкті _____ тасымалдауға рұқсат етілген.
(көлік түрі)

Ұйым басшысы _____
(қолы)

Елтаңбасы бар мөр орны